

БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Элеялықтар мен атомисттер
аралығындағы Сократқа дейінгі
философия



Мақсаты – Парменид және элеялықтар философиясына, Эмпедокл эволюционизміне, Анаксагордың көптік әлем теориясына және Демокриттің атомисттік теориясына талдау жасау.

Жоспары:

1. Парменид және Элея мектебі.
2. Эмпедокл философиясы.
3. Анаксагор философиясы.
4. Демокрит атомизмі.

Түйін сөздер

Парменидтің бөлінбейтін болмысы, Зенон апориялары, өзекті және әлеуетті шексіздік, Эмпедокл стихиясы, Анаксагордың шексіз аз элементтері, Демокрит атомдары.

Алдыңғы дәрістерде біз Гераклит жайлы айтқан болатынбыз. Римдік кезеңде Гераклит «жылауық философ» ретінде танымал болған. Ол атомист, жайдары мінезді философ Демокритке қарама-қайшы көрінетін. Оны V ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Элей мектебінің басшысы, ғалым Парменидпен салыстыру әлдеқайда дұрысырақ болар. Көне Афинада Гераклит бәрі де қозғалыста деген теорияның жақтаушысы болса, Парменид еш нәрсе де қозғалмайды деген теорияны ұстанған.

Парменид – жазбалары толық фрагменттермен бізге жеткен алғашқы философ. Болмыс, – дейді ол, – бар нәрсенің, бүкіл тіршіліктің барлығы. Бірақ егер бірдеңе бар болса, онда бұл бұрын болмауы мүмкін бе? Егер мүмкін болса, ендеше бұрын болмаған және қазір бар нәрсе ештеңе еместен туындады. Бірақ ештеңе еместен ештеңенің туындауы мүмкін емес. Ал оның бұрында басқа формада болуы, бірақ мүлдем болмауы мүмкін еместігі басқа мәселе. Егер бір нәрсе қазір бар болса, онда оның болашақта болмауы мүмкін бе? Егер мүмкін болса, қазір бар болған нәрсе және ол болашақта болмаса ештеңеге айналып шығады. Бірақ бір нәрсе ештеңеге айналуы мүмкін емес, яғни бір нәрсе қазір бар болса, бұл міндетті түрде алдағы кезде де болады. Анығырағы, ол тіршіліктің басқа формасына айналуы мүмкін, бірақ, ол мүлдем жойылып кетпейді. Сонымен, егер бір нәрсе қазір бар болса, ол міндетті түрде оның болғанын және болашақта болатынын білдіреді, яғни ол ешқайдан алынған емес және ештеңеге айналмайды немесе мәңгі өмір сүреді. Мәңгілік болмыс түсінігінен шығады және оның алғашқы әрі ауқымды нышаны болып табылады.

Парменид бойынша болмыс жалғыз және бөлінбейді. Оның басы да соңы да жоқ және ол уақыттық өзгерістерге бағынбайды. Гераклиттің айтуынша, шәйнек қайнаған уақытта су өліп, ауа пайда болады. Алайда Парменид үшін бұл – болмыстың өлімі немесе тууы емес. Қандай өзгеріс болсын, олар болмыстан болмыстың жойылуына қарай өзгеру емес. Оның бәрі де – болмыстағы өзгерістер. Дегенмен Парменид үшін ешқандай да нақты өзгеріс жоқ. Болмыс мәңгі бақи бір ғана нәрсе, ал уақыт шындыққа жанаспайды. Себебі өткен, осы шақ және болашақ – бір бүтін.

Парменидтің шәкірті Мелисс «Ғалам – шексіз, өзгеріссіз, қозғалыссыз, бөлінбейтін және біркелкі», – деп Парменид философиясы поэмасының қарапайым прозадағы түсінігін берді. Парменидтің тағы бір шәкірті – элеялық Зенон. Ол өзінің атақты апорияларымен – қозғалыстың болу мүмкіндігіне қарсы бірқатар дәлелдермен әйгілі. Кең тараған дәлелі – «Ахиллес және тасбақа». Зенонның айтуынша, «Алда кеткен баяуды одан жылдамырақ ешқашан да қуып жетпейді. Себебі қуғыншы алдымен қашқынның шыққан нүктесіне жетуі керек. Сондықтан да баяу әрқашан алда болады». Ахиллес тасбақадан төрт есе жылдамырақ болса да, тасбақа басында алдағы қашықтықтың жүз метрінен қырық метріндей бағындырды деп ойлап көрейікші. Зенонның дәлелінше, Ахиллес ешқашан да жеңіске жете алмайды. Ол қырық метр жер жүгіргенде, тасбақа он метр алда болады. Ахиллес сол он метрді де бағындырғанда, тасбақа тағы да екі жарым метрге озып кетеді. Ахиллес алға жүгірген сайын тасбақа бір сүйем болса да, ілгері жылжи береді, сол себепті ол ешқашан тасбақаны қуып жетпейді.

Зенон осы және басқа ұқсас дәлелдері арқылы аралықтар мен қозғалыстар шексіз бөлінеді деп болғады. Оның дәлелдерін кейбір философтар өте ұтымды, бірақ софистикалық



парадокс деп жоққа шығарды. Басқалар бұл дәлелдерге тәнті болды. Мысалы, Бертран Рассел, бұл дәлелдер Вейерштрасс пен Кантордың XIX ғасыр математикасының өркендеуінің негізі болды деп есептеді. Біздің уақытқа дейін Зенонның жұмбақтарын сақтаған Аристотель шексіздіктің екі түрін – өзекті шексіздік пен әлеуетті шексіздік – ажырату арқылы қозғалыстың мүмкін екенін қайта жаңғыртып, оларды тыныштандыруға әрекеттенді. Алайда Зенон көтерген проблемалардың философтарды да, математиктерді де қанағаттандыратын шешімдері араға көп ғасыр салмай табылды.

Гректік Италияның ежелгі философтарының ең әйгілісі б.д.д. V ғасырдың ортасында Сицилияның оңтүстік жағалауында Акрагаста, қазіргі таңдағы Агридженто қаласында өмір сүрген Эмпедокл болды.

Пифагордан кейін көне заманның өзінде-ақ ішінара айтыс сарынында сипатталатын ауқымды әдебиеттер антикалық философ Эмпедокл туралы жазылған. Эмпедоклға қарсы Элейлік Зенон мен Мелисс жазды. Эмпедокл туралы еңбекті Аристотельдің көрнекті шәкірттерінің бірі Тофраст жазды. Эпикурлық Гермах пен Плутарх та Эмпедоклға арнап шығармалар жазған. Эмпедокл туралы көптеген пайымдаулар және әртүрлі сұрақтар бойынша пікірталасты Аристотельден де табуға болады.

Алғашқы милеттік философтарға секілді Эмпедоклға да терең ой қорыту, кең әрі нақты байқаушылықтың тәжірибелік үрдіспен астасуы – білімнің өмірге қызмет етуге мәжбүрлеу ұмтылысы тән. Эмпедоклда философия әлі де болса ғылымнан ажырамаған, ал ғылымның өз ішінде теориялық көзқарастар әртүрлі тәжірибелік мақсаттарды қоюдан бөлінбейді. Осылайша, Эмпедокл биологиялық және физиологиялық құбылыстарды зерттеп, осы құбылыстарға қатысты бірқатар болжамдарды дамытты. Сонымен қатар, ол көне замандағы атақты медициналық мектептің негізін салушысы ретінде де танымал болды. Адамның табиғатты бағындыруына қатысты Эмпедоклдың керемет ерліктері жайында қиял-ғажайыпқа толы бірқатар мәліметтер де сақталған. Ішінде мазмұндалған бос дақпырттар көзге айқын көрініп тұрса да, бұл мәліметтерде ауқымды тәжірибелік тапсырмаларды шешу қарқыны мен жасампаздығы Эмпедокл замандастарын таңғалдырды деген мәліметтер бар. Эмпедокл Агригентаның ауа райын өзгерткендігі жайында әңгіме сақталған: ол қаланы қоршап алған тауларды тесіп, өткелдер жасап, сол арқылы қалаға енетін берекелі жылы желдерге жол ашты-мыс. Сол заманның техникалық мүмкіндіктерін алып қарасақ, бұл әрине шындыққа жанаспайды. Дегенмен осы аңғал қиял әңгімеде Эмпедокл әрекетінің шынайы бейнесі көрінеді – теорияны тәжірибемен байланыстыру ұмтылысы.

Эмпедокл Парменидке еліктеп табиғат жайлы өлеңдер жазды. Ол шамамен 2000 тармақтан тұратын өлеңінің бізге бестен бір бөлігі жетті. Ақын ретінде Эмпедокл Парменидке қарағанда жан-жақты болды. Аристотельдің сөзі бойынша, ол Ксеркстің Грекияға басып кіруі туралы эпостық әңгіме жазды. Кейбір деректерге қарағанда ол бірнеше трагедиялардың авторы болды. Эмпедоклдың табиғат философиясын иониялық философтар ойларының синтезі ретінде де қарауға болады. Біз жоғарыда айтқанымыздай, олардың әрқайсысы әлемнің негізгі немесе басым заты ретінде қандай да бір нәрсені атаған. Фалес суды жоғары қойса, Анаксимен – ауаны, Ксенофан – жерді, ал Гераклит – отты дәріптеді. Эмпедокл үшін бұл заттардың төртеуі де Әлемнің негізін құраушысы немесе «тамыры» ретінде өзара тең. Бұл тамырлар әрқашан бар болған, бірақ олар өзара түрлі мөлшерде біте қайнасу үдерісі нәтижесінде дүниенің бізге таныс заттары және бейімделген аспан денелері жаралған.

Эмпедоклдың «түп-тамырлары» деген атауын Платон, одан кейін грек ойшылдары стихия деп атады. Бұл сөз бұрынырақ сөздердің буындарын белгілеуге арналған болатын. Elementum сөзінің латын тілінен аудармасы түбірлерді буындармен емес, әліпби әріптерімен салыстырады: элемент – LMNtum. Эмпедоклдың элементтер квартетіне физика мен химияда XVII ғасырдағы Бойль дәуіріне дейін философтар айрықша мән берген. Аристотель Эмпедоклды космологиялық теория тек ғаламдық элементтерді өзара теңестіріп қарауды ғана емес, сонымен қатар, нақты өмірдегі жанды және жансыз байланыстардың құрылуын, элементтердің араласу және даму себептерін анықтауда қажет екенін түсінгені үшін мақтады. Эмпедокл бұл рөлге махаббат пен жанжал лайық деп табады. Махаббат элементтерді біріктіреді. Ал жанжал оларды бөлінуге мәжбүрлейді. Өз кезегінде түп-тамырлар көптің біріне айналса, кей кездері бір нәрсенің бөліктеріне айналу үшін бөлінеді. Оның ойынша, бұл заттар мейлі біртұтасқа айналдыратын



махаббат болсын, мейлі ол жанжалдан туындаған жеккөрінішпен бөліну болсын, өзінің тұрақты ауысуынан бір жаңылмайды. Махаббат пен жанжал – көп ғасырлар бойы физика теориясында болып келген тартылыс пен серпудің арғы атасынан келе жатқан көркем қуат. Эмпедокл үшін тарих – кейде махаббат. Кейде жанжал үстемдік ететін цикл. Махаббат ықпалымен элементтер Парменидтің Ғаламшарын еске түсіретін үйлесімді және керемет өріспен беттесуде. Жанжалдың кесірінен элементтер бөлініп кетеді. Бірақ махаббат жоғалған жерді қалпына келтіре бастағанда тірі дүниенің көптүрлілігі пайда болады. Жан-жануар, құстар және балықтар сияқты тірі ағзалар – бұл дүниеге келіп-кететін уақытша жаратылыстар. Тек элементтер және ғарыштық цикл ғана мәңгіге жалғасады.

Тірі ағзалардың пайда болуын түсіндіру үшін Эмпедокл өмір сүруге бейімдірек болатын түрлердің күрес жолымен дамитыны туралы керемет эволюциялық теория ұсынған. Өкінішке орай, көп ғасырлар бойына биологтар Эмпедоклдың емес, Аристотельдің ізбасарлары болды. Кеннидің айтуынша, Дарвин Эмпедоклды «табиғи сұрыптау принципін» болжай білгені үшін аса жоғары бағалады. Егер Эмпедокл Дарвиннің ізашары ретінде мәңгілікке аты жазылса, оның замандасы Анаксагор қазіргі көпшілікке мәлім үлкен жарылыс теориясының зияткер атасы ретінде танылды.

Анаксагор Измирге жақын Клазоменде б.д.д. шамамен 500 жылы дүниеге келді. Ол Анаксименнің шәкірті болуы мүмкін деген болжам бар. Персия мен Грекия арасындағы соғыс біткеннен кейін, ол Афинаға келіп, мемлекеттік қайраткер Периклдың қорғауында болды. Кенни, сонымен қатар, Перикл беделінен айырылғаннан кейін, Анаксагор да қуғынға түсті деп жазады. Ол опасыздық жасады деп айыпталып, Геллеспонттағы Лампсакқа қашып, б.д.д. 428 жылы қайтыс болғанша айдауда өмір сүрді. Анаксагор көзқарастары милет мектебі натурфилософиясы мен элей мектебінің онтологиясы әсері негізінде қалыптасады. «Еш нәрседен ештеңе туындамайды» қағидасын ұстанып, Анаксагор болмыс туралы өз ілімін ұсынады, ол алғашқы элементтердің бірігуі мен ажырауының арқасында космос туындады деп түсіндіреді. Анаксагор бойынша әлемнің бастапқы қалпы әртүрлі денелердің шексіз көп бөлшектерінен («тұқымдарынан») құралған қозғалмайтын пішінсіз қоспалардан тұрады. Бұл бөлшектерге Аристотель ұсынған «гомеометрия», яғни маңызды деген атау тұрақталып қалды. Уақыттың бір мезетінде бұл алғашқы қоспаны «таза қоспасыз Ақыл» айналма қозғалысқа итермеледі. Ұқсас денелер өзіне ұқсасқа ұмтылғандықтан, үйлесілген бөлшектер жеке топқа ұйымдаса бастады, осылайша, заттар әлемі пайда болды. Денелер шексіз бөліне береді, «әлемде ең кіші жоқ», сондықтан жекеленген ешқашан толыққанды болмайды. Әрбір затта қалған басқа заттардың бөлшегі бар, «барлығында басқаның үлесі бар», ал заттар өз атауына қандай да бір түр тұқымының сандық тұрғыда басымдылығының негізінде ие болады. Анаксагордың Ақылы физикалық және метафизикалық болмыс сипатына ие: бір жағынан, ол барлық заттардың «ең жеңілі», екінші жағынан ол – «барлығы туралы толыққанды білімі бар алып күш иегері».

Анаксагордың Ғаламның бастауы туралы мынандай әңгімесі бар: «Барлық заттар бірге болды. Олар шексіз көп және шексіз ұсақ еді. Өйткені ұсақ та шексіз еді. Бәрі бірге болғанымен, олар өте ұсақ болғандықтан танылуы мүмкін болмады. Бәрі де шексіз ауа мен эфир астында болды. Бұл алғашқы уақ тас айналадағы эфир мен ауадан шығып айнала бастады. Одан жұлдыздар, күн мен ай қалыптасты. Айналудың нәтижесінде тығыздан сирек бөлінді. Ыстықтан суық, құрғақтан ылғал және жарықтан қараңғы бөлінді. Бірақ бөліну ешқашан толық болмады және осы күнге дейін әр бөлігінде қалғанының бөлігі қалды. Қарада аз ғана ақ болады. Ыстықта аз ғана суық және сол сияқты». Анаксагордың көзқарасы бойынша әлемдік ақыл алдында хаосты орнықтырған шексіз кіші элементтерді қозғалысқа келтіріп, реттейді.

Ғаламның кеңеюі қазір де жалғасып жатыр және болашақта да жалғасады деп сендіреді Анаксагор. Мүмкін ол біздің әлемнен өзге де әлемнің пайда болуына түрткі болған шығар. Кенни Анаксагор, осылайша біздің ғалам көптеген ғаламдардың бірі болуы мүмкін және ол ғаламдарда біз сияқты саналы тіршілік иелері қоныстанған деген ойдың авторы болуға әбден лайық дейді. Кейінірек Джордано Бруно да ұсынған бұл ой әлі күнге дейін танымал.

Сократқа дейінгі кезеңде қазіргі заманғы ғылымның соңғы және ең керемет ғылымы болжамына сәйкес келетін ойды атомистер – Абдерден шыққан Демокрит және Милеттік Левкипп айтты. Екеуі де атомизм теориясының негізін салушылар болса да, Левкипп туралы Демокриттің оқытушысы болды дегеннен басқа еш нәрсе белгісіз.



Демокрит – өте білімдар және өндіріп жазатын жазушы болған. Ол поэзия мен үндестіктен бастап, әскери тактика мен Вавилондық теологияға дейінгі, түрлі тақырыптар бойынша шамамен сексен трактаттың авторы болды. Бұл трактаттар түгелдей жоғалған. Дегенмен бұрын өмір сүрген басқа философтармен салыстырғанда, Демокриттің үзінділерінің көпшілігі бізге жеткен. Демокрит Фракия жағалауында, Абдерде дүниеге келді. Оның туған уақыты белгісіз. Шамамен, біздің дәуірімізге дейінгі 460–470 жылдар аралығы болуы мүмкін. Ол Анаксагордың кейбір идеяларын алған және одан 40 жас кіші болды деген болжам бар. Ол көп саяхаттады, Мысыр мен Персияға барып қайтты. Бірақ көрген елдерінен айтарлықтай әсер алмады. Бірде ол Персияның патшасы болғанша, бір ғана ғылыми жаңалық ашуды қалайтынын айтқан екен.

Демокриттің іргелі тезисі – материя шексіз, бөлінбейтін денелерден тұрады дегенге саяды. Бұл тезисті нақты неге сүйеніп айтқаны бізге белгісіз. Бірақ Аристотель былай деп болжады. Егер біз заттардың кез келген бөлшегін бөле алатынымызша бөлсек, бізге ары қарай бөлінбейтін кіп-кішкентай түйіршіктеріне жетіп, тоқтауға тура келеді. Біз заттың бөлінуін шексіздікке дейін жеткізе алмаймыз. Біз бөліну іске асты деп болжамдап, содан сұрақ қояйық: егер бөлінуді жалғастыра берсек, не болады? Егер бөліктің шексіз санының әрқайсысының кез келген шамасы болса, онда ол ары қарай бөлінуі керек. Ал ол біздің ғылыми болжамымызға қайшы келеді. Егер, екінші жағынан, сақталған бөліктердің шамасы болмаса, онда олар қандай да бір шамаға ешқашан тең бола алмайды. Шексіздікке көбейтілген нөл бәрібір нөлге тең болады. Сондықтан, біз бөліну соңына жетеді. Ал мүмкін деген бөлшектердің белгілі өлшемі мен пішіні бар дене болады деген шешімге келуіміз керек. Бұл кіп-кішкентай бөлінбейтін денелерді Демокрит атомдар деп атады деп жазады Аристотель. Демокриттің пікірінше, атомдарды сезіммен анықтау мүмкін емес. Өйткені олар тым ұсақ. Олар сан жағынан шексіз және көп бейнелі және олар мәңгі өмір сүреді. Элеаттарға қарсы Демокрит ол вакуумның болуы жорамалына ешқандай қайшылық жоқ деп сендірді. Қуыс бос кеңістік. Осы кеңістікте шексіз көп атомдар күн сәулесіндегі тозаңдар секілді үнемі қозғалыста болады.

Атомдар әртүрлі болады. Олар түрі бойынша дөңгелек, ілгек сынды немесе қырлы болуы мүмкін. Олар бір-бірінен кеңістікте орын алуына қарай ерекшеленеді. Кейбіреуі ішекті. Ал кейбіреуі дөңес. Өздерінің үздіксіз қозғалысында олар бір-бірімен қақтығысып бірігеді. Күнделікті өмірдің ортаңғы өлшемді объектілері – кездейсоқ қақтығыс салдарынан біріккен атомдар жиынтығы.

Анаксагор сынды Демокрит те әлемнің көптігіне сенген. Ол «көлемі бойынша ерекшеленетін шексіз көп әлемдер бар. Кейбір әлемдерде күн де ай да жоқ; басқаларында күн мен ай өте көп. Бір әлем мен екіншілерінің ара қашықтығы әртүрлі. Кеңістіктің кейбір бөліктерінде әлемдер көп, кейбіреуінде аздау; кейбір әлемдер өседі, басқалары кемиді, кейбіреуі жоғарылайды, басқалары құлайды. Олар бір-бірімен соқтығысқан кезінде жойылады. Жануарлары, суы немесе ауасы жоқ әлемдер де бар» деп есептеді.

Демокрит үшін атомдар мен бос кеңістік – екі шындық. От немесе су, өсімдіктер немесе адам болып көрінген нәрселер атомдардың бос кеңістіктегі жиынтығы. Біз көріп отырған сезімдік қасиеттер шынайы емес. Олар шартты нәрселер. Демокрит біз қабылдайтын сипаттардың атомдардың әр түрлерінен және пішіндерінен қалай пайда болғанын нақтылап түсіндірді. Мысалы, өткір иістер, кішкентай, қырлы және тік емес атомдардан жасалса, тәтті дәмдер ірілеу, дөңгелек, тегіс атомдардан жасалған. Сезімдік әсерден алған біліміміз атомдық теория беретін жарықпен салыстырғанда жай ғана қараңғылық болып келеді. Бұл пікірді негіздеу үшін Демокрит жүйелік эпистемологияны құрастырып шықты.

Демокрит этика жайлы да, физика туралы да жазды. Оның көптеген афоризмдері сақталған. Дегенмен оны қарапайым күнделікті даналықтың көрінісі деп ойлау қате. Керісінше, Демокриттің жазбаларын зерттеу барысында оның мораль жүйесін дамытқан алғашқы ойшылдардың бірі болғанына көзіміз жетеді.

Осылайша, біз Элея мектебінің, Гераклит және атомисттер философиясына қысқаша шолу жасадық. Келесі дәрісте біз сіздерді Энтони Кеннидің софистер мен олардың шәкірті Сократ философиясына жасаған талдауымен таныстырамыз.



Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Сіздің ойыңызша, неге Парменидтің ойлары Демокритке қарағанда Гераклитке қарама-қайшы болып келеді?
2. Парменид философиясы бойынша болмыс дегеніміз не?
3. Элеялық Зенон философиясына енгізген дәлелдерді қалай түсінуге болады?
4. Платон Эмпедоклдың төрт элементін қалай атады?
5. Эмпедоклдың эволюция жайындағы ілімінің ерекшелігі неде?
6. Не себептен Анаксагорды үлкен жарылыс теориясының зияткерлік атасы деп атайды?
7. Анаксагор бойынша шексіз кіші элементтерді не реттейді?
8. Демокриттің негізгі қағидасы қандай?
9. Демокриттің атомдық теориясының мәні неде?

Әдебиет

1. Kenny A., (2012) A New History of Western Philosophy – In Four Parts, Clarendon Press Oxford.
2. Диоген Лаэртский, О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов. / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Ф. Лосева. (Серия «Философское наследие»). – М., Мысль, 1979. 624 стр.
3. Adler M., Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy. Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).